

АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ  
№58"ӨРКЕН"БАЛАБАҚШАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ  
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ  
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
ЯСЛИ-САД №58 "ӨРКЕН"  
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

**БҰЙРЫҚ**  
*22.10.2025*  
Астана қаласы

*N75*

**ПРИКАЗ**  
*22.10.2025* город Астана

**Балабақшада тамақтану  
сапасын мерзімді бағалауды  
бракераж комиссиясы құрылсын**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 43-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына, 45-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, 48-бабының 5.-тармағы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №21857 бұйрығының 100-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәрбиеленушілерге тамақтың берілу сапасы мен мөлшерін анықтап, бақылау мақсатында төмендегі тізімде комиссия құрамы бекітілсін:

<b>Комиссия төрайымы:</b>		
Мырзагулова Бакиржановна	Гульнур	Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының меңгерушісі
<b>Комиссия мүшелері:</b>		
Жаркенова Жанна Сериковна		Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының әдіскері
Суюндикова Асыл Бектибаевна		Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының медбикесі
Бестаева Ныгметжановна	Сауле	Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының қоймашы
Жигитбаева Жумагельдиевна	Ляззат	Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының шаруашылық жөніндегі орынбасар
Жайсанбек Қайсарқызы	Ақмарал	«Көркем» ересек тобы
Мусагулова Анар Төлегенова		«Болашақ» ересек тобы
Никишева Сауле Тоқсанбаевна		«Ғибрат» ересек тобы
Мухамеджанова Қайратқызы	Айгерім	«Тәлім» МАД тобы
Бегажанова Аида Ермекбаевна		«Озат» МАД тобы

Жунусова Айгул Өсербекқызы	«Ұлағат» МАД тобы
<b>Комиссия мүшесі:</b>	
Сапар Меруерт Шауғабайқызы	Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасының медбикесі

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

Менгеруші



Г. Мырзагулова

Өндірістік жиналыс

Хаттамасы

«29» 10 2024 ж



## Бракераж комиссиясының тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды жүргізу

### ЕРЕЖЕСІ

#### Жалпы ережелер

- 1.1 Бракераж комиссиясы мектепке дейінгі мекемеде балаларды сапалы тамақтандыру Ұйымдастыру мен жүзеге асыруды әкімшілік қоғамдық бақылау мақсатында құрылған қоғамдық бақылау мақсатында құрылған ұйым болып табылады.
- 1.2 Комиссия өз қызметінде мектепке дейінгі ұйымның заңнамалық нормативтік құқықтық актілерін негізге алады:

а) Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. 2- тарау 13 пункті 5,6,7 тармақшалары.

Ә) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар» саниралық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы . 7 тарау 116 пункті.

#### 2. Комиссияны құру тәртібі және оның құрамы

- 2.1. Тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді;
- 2.2. Комиссия мүшелері құрамына:
  - Медбике
  - Шаруашылық меңгерушісі
  - Өндіріс меңгерушісі
  - Топ ата –аналарының өкілдері енгізіледі
- 2.3. Комиссия құрамы балабақша меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.
- 2.4. Комиссия мүшелерінің міндетті түрде медициналық рұқсатнамасы болуы шарт.

#### 3. Комиссия қызметі

- 3.1. Балабақшадағы тамақтану сапасын мерзімдік бағалаудың жүргізілуін ұйымдастыруға және оған жұмыстарын жүзеге саыруға ;
- 3.2. Тамақтанудың іс жүзінде рационы бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келуін бақылауға;
- 3.3. Тез бұзылатын тамақ өнімдерінің тоңазытқыш камералары мен тоңазытқыштарда сақтау температурасының сақталуын ескере отырып , жүзеге асырылуына , сынбы жоқ термометрлердің қолданылуына бақылау жасауға;
- 3.4. Тамақтанудың ұйымдастырылуына , тамақтану режимінің сақталуына , тамақтың рәсімделуіне, ыдыстардың таңбалануына ; тарату нормаларының сақталуына , тарату-ас мәзірі парағының топтарда ілінуіне;
- 3.5. Тамақтану арасындағы интервалдың сақталуына;
- 3.6. Тамақ өнімдерін және азық –түлік шикізатын қабылдауды , тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналына деректердің уақытылы енгізілуін , өнімдердің сапасы мен қауыпсіздігін куәландыратын құжаттарының болуының жүзеге асырылуына;
- 3.7. Жасанды С витаминімен витаминдеудің жүргізілуіне ;
- 3.8. Объектілердің ас блогындағы оргонолептикалық бағалау журналының жүргізілуіне;
- 3.9. Объектілердің ас блогындағы күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамасының қалдырылуын және олардың сақталуын 48 сағат қадағалауға;
- 3.10. Ас блогының жұмыскерлерінің жеке бас гигиеналары қағидалары ережесінің сақталуына;

- Жұмыс басталар алдында сырт киімді шкафқа салып , қолдарын сабынмен мұқият жууына ;
  - Таза арнайы киімде жұмыс жасап , шаштарының орамалдың немесе қалпақтың астына жинауына ;
  - Жұмыс процесінде сақина , алқа , сағатты т.б әшекей бұйымдарды қолданбауына ;
  - Ұзын тырнақ өсіріп оны лакпен бочмауына , арнайы киімді түйреуішпен түйремеуін қадағалауға;
- 3.11. Ас блогы жұмыскерлерінің жұмыс жасауға рұқсаты бар , жеке медициналық кітапшасының болуын қадағалауға;

#### **4. Анықталған ақауларды кемшіліктерді рәсімдеу.**

- 4.1.Қандайда бір ақау анықталған жағдайда , комиссия мүшелері ескертулер жасап, оны жойғанға дейін, қажетті дайын тамақты қабылдауды тоқтатуға құқылы;
- 4.2. Комиссия мүшелері тамақтану сапасының мерзімдік бағалауын циклограмманы толтыра отырып , актімен рәсімдейді;

#### **5. Құжаттама жүргізу тәртібі.**

- 5.1. Комиссия жоспарға сай мерзімдік бағалау жүргізгендіктен, тексеру циклограммасының актісі арқылы рәсімдейді ;
- 5.2. Тоқсан сайын жұмыс есебі туралы отырыс жасайды ;
- 5.3. Комиссия отырыстары циклограммамен рәсімделеді;
- 5.4. Тексеру актісіне комиссия мүшелері қол қояды;
- 5.5. Комиссия мүшелерінің келу мүмкіндігіне қарай кесте жасап , жұмысты жүйелендіруге болады ;
- 5.6. Комиссия шешімі Қ.Р заңнамасына және балабақша уставына қайшы келмеуі тиіс;

#### **6. Қортынды ереже**

- 6.1. Ережеге өзгерістермен толықтырулар комиссия отырысында енгізіледі және қабылданады.
- 6.2. Ереженің қолдануы мерзімі шектелмейді.
- 6.3. Ереже жаңасы қабылданғанға дейін әрекет етеді.
- 6.4. Комиссия мүшелері ерікті негізде жұмыс жасайды.
- 6.5. Балабақша әкімшілігі комиссия мүшелері анықталған ескертулер мен бұзушылықтарды жою шараларын ұйымдастыруы міндетті.

Немірленген, тігілген және  
басылған 2 тарак  
2024-2025 оқу жылы



## Бракераж комиссиясының отырысының

### № 5 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

08 тамыз 2025 жыл

#### Өткізілген уақыты:

Басталды: 12:00

Аяқталды: 13:00

Жиналыстың өтілетін орны: Акт залы

Жалпы қатысқандар саны: 11

Ата аналар: 6

Ішкі қызметкерлер: 5

Комиссия төрайымы. Г. Б Мырзагулова

#### Күн тәртібі:

- Азық-түлік сақталуы
- Сынама алу
- Асхана қызметкерлерінің жеке гигиена сақталуы
- Балаларға берілетін астың сапасы, мөлшері

1. Ата-аналар мен әкімшіліктен құралған бракеражды комиссия мүшелері төрайыммен қосқанда 11 адамды құрады. Акт құрылып ата-аналар мен әкімшіліктен құралған бракеражды комиссия мүшелері балабақшадағы ас мәзірі нормативтік тәртіп бойынша сараптама жұмысын жүргізді.

Комиссия төрайымы Г. Б Мырзагулова сөйледі: азық түліктердің комиссия мүшелеріне жұмыс жоспарын тамақтану есебін түсіндіріп өтті. Емдәм бике Суюндықова А, сөз сөйледі:

- Азық-түлік сақталуы
- Балаларға берілетін астың сапасы мен мөлшерін
- Сынама алу
- Асхана қызметкерлерінің жеке гигиена сақталуы жоғарғы деңгейі.

Қоймадағы азық түліктердің әр бірінің тұратын орындары бар, етке арналған тоназытқыш бар, сүт өнімдеріне және көкөністерге арналған тоназытқыштар бар, құрғақ өнімдердің тұратын бөлме және дөңді дақылдардың тұратын орны, ыдыстары бар. Қоймадағы және тоназытқыштағы азық – түлік өнімдерінің сақталу уақыты дұрыс және әр бір азық- түліктің сертификаты бар. Сынама күнделікті таңертеңгі ас, түскі ас және кешкі астан алынады, сынама 48сағаттық тәулікпен тоназытқышта сақталады. Жәнеде балаларға берілетін астың сапасымен мөлшері талапқа сай орындалады.

### Бракераж комиссиясының отырысының

### ШЕШІМІ:

1. Асхана қызметкерлерінің жеке гигиена сақталып, талапқа сай орындалған
2. Азық-түлік сақталуы, талапқа сай сақталған.
3. Балаларға берілетін астың мөлшері тех.картаға сай сақталған.

### Комиссия төрайымы:

Г.Б Мырзагулова

### Тәрбиеші:

А.Қ Серикова

### Ем.дәм медбике:







А.Б Суюндикова

### Қоймашы:

С. Н Бестаева



### Ата-Аналар :

1. Айтжанова А.  Көркем тобы.
2. Сейтқазина М.  Болашақ тобы.
3. Атамбекова Р.  Озат тобы.
4. Ережелова Н.  Болашақ тобы.
5. Мұхамеджанва А.К.  Тәлім тобы.
6. Хамитова Ш.  Өнерлі тобы.



